

2023-2024 жылғы мектептің IV оқу тоқсанындағы педагогикалық - психологиялық жұмыстардың есебі

Сәуір айының алғашқы аптасында өз-өзіне сенімділікті жоғарылату мен өз күшіне сенуді үйрету мақсатында мектеп 7-сынып оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Осы сәуір айында ата-аналарға балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыра білуге және жасөспірімдік кезеңде мінез-құлқындағы өзгерістерге байланысты психологиялық кеңестер берілді. Ата-аналардың чаттарына және әлеуметтік желіге салынды. Психологиялық қолдау тобына алынған оқушылардың күнделікті көңіл-күйі, отбасымен қарым-қатынасын бақылау мақсатында ата-аналарымен, оқушылармен бақылау жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стресті жеңуге жол көрсету мақсатын мектеп бітіруші түлектермен «ҰБТ-ға сеніммен барамыз!» атты психологиялық сабақ жүргізілді.



8-10 сынып оқушылары арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикасы шараларын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын-алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық» бағытында ақпараттық-танымдық біліммен қамтамасыз ету мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Абдигапбаров және мектеп педагог-психологы Р.Абдукаримова, А.Саламат түсіндірме жұмыстарын жүргізді.




Мамыр айының алғашқы аптасында «Дасс» шкаласы бойынша «Психологиялық қолдау тобындағы» оқушылардың көңіл-күйі, отбасымен қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Менің таңдауым өмір», «Жан дүниемдегі сырымды таба біл» т.б тақырыбында психологиялық видеороликтер көрсетіліп, «Менің отбасым» проективті әдістемесі жүргізілді.



Мектеп бітіруші түлектерді психологиялық қолдау, бақылау және өзін-өзі қадағалау сәттеріндегі дағдыларды, қарым-қатынастың вербалды және вербалсыз құралдарын дамыту мақсатында «Мен емтиханға сеніммен барамын!» тақырыбында тренинг жүргізілді. Оқушылар өздеріне керекті мәлімет алғандығын және тренингтен алған әсерлерімен бөлісті.

**2022-2023 оқу
жылы бойынша
жүргізілген
кеңес беру
қорытындысы**



Педагог-психолог:

Р.Абдукаримова

З.Каракулова